



Аудандық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау жөнiндегi өлшемшарттарды айқындау туралы

Күшiн жойған

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкiмдiгiнiң 2016 жылғы 22 тамыздағы № А-7/223 қаулысы. Ақмола облысының Әдiлет департаментiнде 2016 жылғы 28 қыркүйекте № 5547 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкiмдiгiнiң 2025 жылғы 14 сәуiрдегi № А-2/82 қаулысымен.

Ескерту. Күшi жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкiмдiгiнiң 14.04.2025 № А-2/82 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Жекешелендiру объектiлерiн сату қағидасын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына сәйкес Шортанды ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау жөнiндегi өлшемшарттар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкiмiнiң орынбасары Е.Қ. Мұхамединге жүктелсiн.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әдiлет департаментiнде мемлекеттiк тiркелген күннен бастап күшiне енедi және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгiзiледi.

Аудан әкiмi

Г.Сәдуақасова

Шортанды ауданы әкiмдiгiнiң
2016 жылғы 22 тамыздағы
№ А-7/223 қаулысына
қосымша

Аудандық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау жөнiндегi өлшемшарттар

№ р/б	Өлшемшарттар атауы	Иелiктен айыру түрi
1	Егер мемлекеттiң алдағы уақытта мемлекеттiк меншiк объектiсiн бақылауда мүдделiгi болмаса	Аукцион түрiндегi жекешелендiру
2	Сату шартын бекiту арқылы уақыттың кандай да бiр кезеңiне мемлекет тарапынан бақылауды сақтау қажеттiлiгi болса	Тендер түрiндегi жекешелендiру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК